ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЖОЛАУШЫЛАР ЖӘНЕ РЕФРИЖЕРАТОРЛЫҚ ВАГОНДАР

Шу сипаттамалары
Нормалар мен өлшеу әдістері

ВАГОНЫ ПАССАЖИРСКИЕ И РЕФРИЖЕРАТОРНЫЕ

Шумовые характеристики
Нормы и методы измерений

ҚР СТ 1762-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЖОЛАУШЫЛАР ЖӘНЕ РЕФРИЖЕРАТОРЛЫҚ ВАГОНДАР

Шу сипаттамалары

Нормалар мен өлшеу әдістері

ҚР СТ 1762-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Стройинжиниринг Астана» ЖШС **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылы 23 қыркүйектегі № 488-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 3381: 2005 Railway applications — Acoustics — Measurement of noise inside railbound Vehicles (Теміржол көлігі - Акустика – Теміржол көлік құралы ішінде шуды өлшеу) халықаралық стандартына Сынақ шарттарына қойылатын талаптар, Өлшеулер жүргізу, Өлшеу телімінде өлшенетін дыбыстық қысым микрофон орналасуына қарай өзгеретін мәнге ие бола алады, Өлшеулер нәтижелерін рәсімдеуге қатысты бөлікте үйлестірілген болып табылады.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМІ 2013 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Шу сипаттамалары мен нормалары	2
5	Шу өлшегіш сынақтар түрлері	4
6	Сынақ шарттарына қойылатын талаптар	5
7	Өлшеу құралдарына қойылатын талаптар	7
8	Өлшеулер жүргізу	8
9	Өлшеулер нәтижелерін өңдеу	11
10	Өлшеулер нәтижелерін рәсімдеу	12

А қосымшасы *(ақпараттық)*. Вагонда дыбыс деңгейін бақылау сынау нәтижелері бойынша хаттаманы рәсімдеу мысалы 14

Б қосымшасы *(ұсынылатын)*. Құралдардың техникалық сипаттамалары 15

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі

ЖОЛАУШЫЛАР ЖӘНЕ РЕФРИЖЕРАТОРЛЫҚ ВАГОНДАР
Шу сипаттамалары
Нормалар мен өлшеу әдістері

Енгізілген күні 2009.07.01

1 Қолданылу саласы

Стандарт типтік және кезеңдік сынаулар кезінде шуды өлшеу әдістемесін, шу сипаттамаларын анықтау шарттарына қойылатын бірыңғай талаптарды және жұмыс орындарында, қызмет көрсетушілердің демалыс орындарында және вагон салондарында шудың рұқсат етілетін деңгейлерін белгілейді.

Осы стандарт жолаушылар, пошта, қол жүгі, электро- және дизель-поездар, автомотриса, рефрижераторлық секциялардың дизель – электр стансалары, метрополитен және трамвай вагондарына (бұдан әрі – вагондар) таратылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға нормативтік сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі..

ҚР СТ 2.12-2000 Қазақстан Республикасының калибрлеу жүйесі. Өлшеу құралдарын калибрлеу. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарының түріне сынау өткізу және бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75 - 2004 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ (ИСО 3381:2005) – 2007 Теміржол техникасы. Рельстік көлік құралдары ішінде шуды өлшеу

ГОСТ 8.286-78 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Электрондық секунд өлшегіштер. Салыстырып тексеру әдістері мен құралдары.

ГОСТ 8.472-82 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сіңдіруші ылғал сорғыштар. Салыстырып тексеру әдістері мен құралдары.

ГОСТ 7193-74 Индукциялық қол анемометрі. Техникалық шарттар.

ГОСТ 17168-82 – Октавтық және ширек октавты электрондық сүзгілер. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері.

ГОСТ 17187-81 – Шу өлшегіштер. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері.

ГОСТ 28498–90 Сұйықтық шыны термометрлер. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.

ГОСТ 23696-79 Барометрлер. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта пайдаланылған терминдер мен анықтамалар ҚР СТ (ИСО 3095:2005), ГОСТ 17187, ГОСТ 17168 сәйкеседі.

Мемлекеттік қабылдау: Вагондарды пайдалануға нормативтік және құқықтық актілердің барлық нормаларына сәйкестікке мемлекеттік қабылдау.

4 Шу сипаттамалары мен нормалары

4.1 Вагондарда тіркелген жиіліктердің октавалық телімдерінде және дыбыс деңгейінде дыбыс қысымының деңгейлері 1-кестеде көрсетілген дБА-дағы қалыптандыру қисықтары мен А дыбыс қысымдарының мәнінен аспауы керек.

1-кесте – дБА-да қалыптандырушы қисық пен дыбыс деңгейлерінің рұқсат етілетін мәндері

Вагондар түрі (типі)	Қызметтік және жолаушылар үймаратының атауы	Рұқсат етілетін деңгейлер	
		Қалыптаушы қисық индексі ($м^2$ бойынша)	Дыбыс деңгейлері ДБА
1	2	3	4
Жұмсақ жатын орындарымен жолаушылар вагондары*	Жолаушылар купесі және жолсеріктер демалатын купе	60	65
Жатын орынды купелік жолаушылар вагондары (ЖК) *	Жолаушылар купесі және жолсеріктер демалатын купе	60	65

1-кестенің соңы

Орындықты ашық типті жолаушылар вагондары (ЖА)	жолсеріктер демалатын купе Жолаушылар салоны	60 65	65 70
Жатын орынды купелік емес жолаушылар вагондары (ПН)	жолсеріктер демалатын купе Жолаушылар салоны	60 65	65 70
Қол жүктік және пошта вагондары	Қызметтік үймараттар Демалу купесі	65 60	70 65
Электро поездар вагондары	Машинист кабинасы және жолаушылар салоны	70	75
Дизель-поездар мен автомотриса вагондары	Машинист кабинасы Жолаушылар салоны	75 70	80 75
Вагондар-электростансалар, рефрижераторлық секциялардың вагон-дизель-электростансалары	Қызметкерлер демалысына арналған бөлік[1] Қалқандық үймарат Ас үй-салон	60 75 65	65 80 70
Метрополитен вагондары	Машинист кабинасы	75	80
	Табиғи желдетуге арналған ожаусыз еріксіз механикалық желдетілетін жолаушылар салоны	80	85
	Табиғи желдетуге арналған ожауы бар жолаушылар салоны [2]	85	90
Трамвай вагоны	Жүргізуші кабинасы	70	75
	Жолаушылар салоны	75	80

Ескертпе:

[1] 1.01.1985 ж дейін қызметкерлерге арналған бөлігі жүру бөліктерінде орналасқан секциялар үшін 65, 72,5, 82 дБА қалыптандыру қисығын* пайдалануға болады.

[2] 500-1000 Гц жиіліктер аукымында Л 85 қалыптандырушы қисықтың 5 дБ дейін артуы рұқсат етіледі.

4.2 Жиіліктердің октавалық телімдерінде дыбыстық қысымның рұқсат етілетін деңгейлері 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте Дыбыс қысымының рұқсат етілетін деңгейлері

Қалыптандыру қисығының индексі	Октавалық телімдердің орташа геометриялық жиіліктері, Гц								
	31.5	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000
	Дыбыс қысымының деңгейі, дБ								
60	96,3	82,9	74.2	67,8	63,2	60	57,4	55,4	53,8
65	99,7	86,8	78,5	72,4	68,1	65	62,5	60,5	58,9

2-кестенің соңы

70	100	90.8	82.9	77,1	73,0	70	67,5	65,7	64,1'
75	100	94.7	87,2	91,7	7».9	75	72,6	70,8	69.2
80	100	98,7	91,6	86,4	82,7	80	77,7	75,9	74.4
85	100	102.6	95.9	91,0	87,6	85	82,8	81,0	79.5

Ескертпе – Нормаланған қисықты шудың өлшенген спектрін салыстырған кезде, егер октавалық ауқымның орташа геометриялық жиіліктерінің біреуінде қалыптандырушы қисықтың 3 дБ артық шамаға өсуі байқалса, шуды нормалар шегінде есептеу рұқсат етіледі.

5 Шу өлшегіш сынақтар түрлері

5.1 Типтік және кезеңдік сынақтарды завод дайындаушы немесе арнайы ұйым оның тапсырмасы бойынша және тапсырыс берушімен келісіммен тапсырыс беруші жолдарында белгіленген тәртіпте келісілген бағдарлама бойынша жүргізіледі.

5.2 Типтік сынаулар

5.2.1 Байқаулар дайындаушы жеткізетін вагонның шу бойынша нормативтік талаптарға сәйкестігін бағалау мақсатында жүргізіледі.

Типтік сынаулар тәжірибелік үлгілерде немесе вагондардың бірінші топтамасынан алынған үлгілерде, сондай-ақ егер вагондар құрастырмаларына олардың шу сипаттамаларына әсер етуі мүмкін өзгерістер енгізілсе, сериялық өндірілген үлгілерге жүргізіледі.

5.3 Кезеңдік сынаулар.

5.3.1 Өлшеулер сериялық шығарылатын вагонда шу деңгейлері рұқсат етілетін шектерде болатындығын және оның шу сипаттамаларында тәжірибелік топтамамен немесе вагон топтамасын таңдап тексеру кезінде елеулі өзгерістер болмағанын тексеру үшін жүргізіледі.

5.3.2 Оларда сериялық өндіру кезінде кезеңдік сынақтар жүргізілетін вагондар саны мен осы сынақтар жиілігі тапсырушы мен дайындаушы арасында келісім бойынша белгіленеді, бірақ ол жылына екі вагоннан кем болмауы, ал шағын сериялар жағдайында тапсырыс берушімен келісім бойынша жылына бір вагон болуы керек.

Ескертпе – Ұсынылатын әдістемеден кез келген ауытқу сынақ хаттамасында көрініс табуы керек.

5.4 Типтік сынақтар жағдайында жиіліктердің октавалық (ширек-октавалық) телімдерде дыбыстық деңгейлері, сондай-ақ дыбыстық А деңгейінде анықталуы керек.

5.5 Кезеңдік сынаулар кезінде А дыбыс деңгейі өлшенуі керек.

5.6 Типтік және кезеңдік сынаулар тапсырыс берушімен және мемлекеттік қабылдаушымен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізіледі.

6 Сынақ шарттарына қойылатын талаптар

6.1 Сыналатын жылжымалы құрамға қойылатын талаптар.

а) Сыналатын жылжымалы құрам дайындаушы заводтың техникалық бақылау бөлімімен және Мемлекеттік қабылдаумен қабылдануы керек, бұл жағдайда:

- сыналатын жылжымалы құрамның доңғалақ жұптары сырғу беттері бойынша ақаулары, оның ішінде сырылуларға ие болмауы керек;

- сыналатын жылжымалы құрамның терезелері мен есіктері жабық болуы керек;

- өлшеулер жүргізілетін жылжымалы құрам үймараттарында тек қызмет көрсетуші қызметкер мен өлшеулер жүргізетін тұлғалар болуы керек;

Ескертпе - өлшеулер жүргізетін тұлғалар саны екіден артық болмауы керек.

- сынақтарға түсетін электро- және дизель-поездар жолаушыларсыз болуы керек;

- жылжымалы құрамның көмекші жабдығы сынау кезінде, егер онымен құрылатын шу микрофон орнатылған өлшеу нүктесінде дыбыс деңгейін арттырса, атаулы режимде жұмыс істеуі керек. Көмекші агрегаттарды пайдалануда қалыпты режимде тұрақты жұмыс істеу қарастырылмаған және олардың жұмысы ортаның немесе негізгі агрегаттардың[1)] өзгеріп отыратын параметрлеріне баланысты болса, сынаулар кезінде қалыпты пайдалану жағдайында сияқты жұмыс істеулері керек;

Мысалы – электро- және дизель-поездарда сығымдағыштар, жолаушылар вагондарында ауаны алмастыру қондырғыларының, дизель-поездарда күштік қондырғыларды салқындату жүйесі желдеткіштерінің жұмысы.

- егер вагонда ол үшін жұмыстың маусымдық режимі қарастырылған жабдық болатын жағдайда, онда типтік сынаулар барысында барлық қарастырылған маусымдық режимдерде өлшеулер жүргізілуі керек;

- кезеңдік сынаулар кезінде өлшеулер, өлшеулер жүргізу уақытына (маусымына) сәйкесетін жабдық жұмысы жағдайында жүргізіледі. Бұл жағдайда әр екі жыл сайын жабдықтың барлық маусымдық жұмыс істеу режимдерінде қарастырылған жағдайда вагондар сыналуы керек;

- поезд құрамында сыналатын вагонның орналасу орны локомотив шуы (локомотивті тартылатын вагон) осы вагон шуын өлшеу нәтижелеріне әсер етпейтіндей таңдалады;

- метрополитен вагондарын сынаған кезде поезда вагондар саны үштен кем болмауы керек;

- сыналатын вагон поезд соңында болуы керек.

6.2 Жолға қойылатын талаптар

- сынаулар жолдың тіке телімдерінде жүргізіледі;

- өлшеулерді радиусі осы стандарттармен қарастырылған жылдамдықтармен қозғалысқа мүмкіндік беретін қисықтарда жүргізу рұқсат етіледі:

Жол қолданулы болуы керек. Жолда деңгей градиенті ең жоғарғы 3:1 000, және қисаю радиусі r мынадай болуы керек:

а) жылдамдығы 70 км/сағ дейінгі сынақ шарттарымен көлік құралы үшін қисық радиусі 1 000 м құрауы керек.

б) сынау шарты 70 км/ч артық жағдайда қисықтық радиусі 3 000 м құрауы керек.

с) 120 км/ч артық сынақ жағдайында қисық радиусі 5 000 м құрауы керек.

- жолда бұру, көтерілу немесе 5% артық көлбеулер болмауы керек;
- жол көпірлер, тоннельдер, эстакадалар, ойықтар арқылы өтпеуі керек;
- сынауларды темірбетон тіреулі және қиыршықтасты басу қабаты (қатпаған) түйіспесіз жолдан өткізу керек;
- Жолдың өлшеу телімінің құрастырылымы мен техникалық жағдайы жылжымалы құрамның атқару бірлігі ол бойынша оның ең жоғарғы рұқсат етілетін жылдамдығынан 10% асатын жылдамдықпен қозғала алатындай болуы керек;
- трамвайлар үшін балласттық қабат бетон немесе құмды болуы керек;
- сынақтарды түйінді жолда немесе ағаш тақтайларға төселген жолда, сондай-ақ балласттық қабат қатқан жағдайда жүргізу рұқсат етіледі;

Ескертпе – бұны сынақ хаттамасында белгілеу керек.

- рельстер ұзындығының бір бойлық метріне салмағы шақырымға 1840 дана санда кемі 50 кг, трамвайлар үшін 1 шақырымға 1500 дана болуы керек.

6.3 Сыртқы қоршаған ортаға қойылатын талаптар

а) Ол жағдайында сынақтар жүргізу рұқсат етілетін сыртқы қоршаған жағдайлар мынадай болуы керек:

- метеорологиялық жағдайлар өлшеу нәтижелеріне әсер етпейтіндей болуы керек;
- сыртқы дыбыстық бөгеуілдер шуы сыналатын жылжымалы құрамның ішінде дыбыс деңгейі ажыратылған жабдық жағдайында тұрақта шу жағдайында ғана, қосылған жабдықтың қозғалысы жағдайында осы жылжымалы құрам ішіндегі дыбыс деңгейінен 10 дБА кем болатындай болуы керек.

Ескертпе – Егер спектральды талдау кезінде жоғарыда көрсетілген қандай да бір октавалық және ширек октавалық жиіліктер телімінде дыбыс қысымының деңгейлер айырмашылығы кемі 10 дБ құрайтын жағдайда, онда алынған өлшеулер нәтижелері 3-кестеге сәйкес түзетіледі.

3-кесте – Түзетулер кестесі

Жылжымалы құрам ішінде пайдалы белгі болған және болмағаны жағдайда дыбыс қысымы деңгейлерінің айырмашылығы, дБ	*Жылжымалы құрам ішінде дыбыс қысымының өлшенген деңгейінен шығарып тастау керек шама, дБ*
10 және жоғары *6 - 9* *4 - 5* *3-ке дейін*	*0* *1* *2* *3*
Жылжымалы құрам ішінде өлшенген «А» сипаттамалы жиілікті дыбыс қысымы деңгейі мен жиілікті сипаттамасы «А» фондық жу деңгейі арасындағы айырмашылық	*Фондық шудың қатысуымен жылжымалы құрам ішінде өлшенген «А» жиілікті сипаттамалы деңгейге қосу керек шама*
10 және жоғары *6 - 9* *5*	*0* *-1* *-2*

- Шуды жылжымалы құрам ішінде поездің немесе локомотивтің көршілес жол бойынша өткені кезде, сондай-ақ көршілес жолда жылжымалы құрам немесе поезд тұрған кезде өлшеу рұқсат етілмейді.

7 Өлшеу құралдарына қойылатын талаптар

7.1 Сынаулар кезінде өлшеу алаңында: микрофон, күшейткіш (шу өлшегіш), телімді сүзгілер немесе жиілікті талдағыш, «А» жиілікті сипаттамалы сүзгі және көрсететін немесе тіркейтін құрал болуы керек.

7.2 Өлшеу трактіне кіретін құрал ГОСТ 1718 және ГОСТ 17188 талаптарына жауап беруі керек.

Телімдік сүзгілер немесе жиілікті талдағыштар сипаттамалары ГОСТ 17168 және ГОСТ 17169 талаптарына жауап беруі керек. Октавалық телімдердің орташа геометриялық жиіліктері мәндердің мына қатарына 31,5; 63; 125; 250; 500; 1000; 2000; 4000; 8000 Гц жауап беруі керек.

Ескертпе – ұсынылатын құралдар А және Б анықтамалық қосымшаларда берілген.

7.3 Барлық қолданылатын құралдар мен акустикалық калибрлеушілер салыстырып тексерілгені туралы куәлікке ие болулары керек.

7.4 Өлшеулер кезінде шуды кейіннен орнықты жағдайда талдаумен дәл магниттік жазып алу құрылғысын пайдалануға болады. Магнитті тасымалдаушы түрі дәл магниттік жазба құрылғысының техникалық сипаттамаларына сәйкесуі керек.

7.5 Сынаулар кезінде өлшеу аппаратурасын сыртқы электромагниттік өрістерден, діріл мен соққыдан, бөгеуілдер мен жалған белгілер көздері болуы мүмкін ауа ағындарынан қорғау бойынша шаралар қабылдануы керек.

7.6 Қоршаған орта температурасы ГОСТ 28498 бойынша термометрмен, ылғалдық ГОСТ 8.472 бойынша ылғал өлшегішпен, атмосфералық қысым ГОСТ 23696 бойынша барометрмен, желдің жылдамдығы мен бағыты ГОСТ 7193 бойынша анемометрмен, қашықтық пен жылдамдық жылжымалы құрамның құралдық тақтасында бергіштер бойынша, уақыт ГОСТ 8.286 бойынша секунд өлшегішпен анықталады.

7.7 Сынаулар кезінде қолданылатын өлшеу құралдарында ҚР СТ 2.21-2007 сәйкес түрін бекіткені немесе ҚР СТ 2.30-2007 сәйкес метрологиялық аттестатталған туралы сертификаты болуы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің тізілімінде тіркелген және ҚРСТ 2.4-2007 сәйкес салыстырылып тексерілуі керек, нормаланған сыртқы әсер етуші факторларды және (немесе) жүктемелерді беретін сынақ жабдығы ҚР СТ 2.45-2007 сәйкес аттестатталуға жатады.

8 Өлшеулер жүргізу

8.1 Жолдың өлшеу телімінде сыналатын жылжымалы құрам мынадай қалыпқа келтірілген тұрақты жылдамдықпен қозғалуы керек (өзгеру шектері ±5 %):

80 км/ч – алыс жүретін поездар үшін;

60 км/ч – қала маңылық электро- және дизель-поездар мен метрополитен поездары;

40 км/ч –трамвайлар үшін.

Қозғалыстың осы жылдамдықтары кезінде жүргізілген өлшеулер нәтижелерін 1-кесте бойынша рұқсат етілетін мәндермен салыстырады.

8.2 Осы стандарттың 6.1-тармағында көрсетілген өлшеулер құрастырылымдық (атаулы) жылдамдық және жылжымалы құрам бірлігінің атаулы күші жағдайда жүргізіле алады.

Ескертпе – Егер атаулы күшке қол жеткізіле алмаса, онда өлшеуді құрастырылымдық жылдамдықты қолдауды сәйкес қамтамасыз ету бойынша жақын қол жеткізілетін күш жағдайында жүргізеді. Дыбыс деңгейінің алынған мәндері анықтамалық болып табылады және 1-кесте бойынша нормативтерге сәйкес бағалау үшін негіз бола алмайды.

8.3 Өздігінен қозғалатын жылжымалы құрамда барлық өлшеулер берілген жылдамдықты ұстауды қамтамасыз ететін тартқыш қозғалтқыштар күші жағдайында тарту режимінде жүргізіледі.

8.4 Дизель-электростансаларды сынау режимінде рефрижераторлық секциялар секцияға арналған техникалық құжаттамаға сәйкес белгіленеді.

8.5 Жолаушылар вагондарын сынаған кезде шу:

а) купелік вагондарда – жолсеріктердің демалатын купесінде және үш

жолаушылар, біреуі – вагон ортасында, қалған екі вагон – арбалар үстінде орналасқан вагондарда;

б) купелік емес вагондарда – жолсеріктердің демалатын купесінде және жолаушылар бөлігінде, бұл жағдайда жолаушылар бөлігінде – үш жерде; вагон ортасында және екі арба үстінде;

в) пошта, қол жүгі және рефрижераторлық секциялардың дизель-электростансалары вагонында – қызметкерлер демалатын купеде, салон – ас үйде және жұмыс орындарында;

г) трамвай вагондарында, электро- және дизель-поездар вагондарында – машинист (жүргізуші) кабинасында және жолаушылар салонында; бұл жағдайда жолаушылар салонында үш жерде: вагон ортасында және арбалар үстінде;

д) дизель- және электро-поездарда өлшеулер моторлық және тіркеме вагонда өлшенеді.

8.6 Өлшенетін дыбыстық қысым микрофон орналасуына қарай өзгеретін мәнге ие болуы мүмкін. Сондықтан үймарат ішінде шудың таралуын балама көрсететін өлшеу нүктелерінің жеткілікті санын қамтамасыз ету керек. Жалпы жағдайда әдетте вагон ортасына және шеттеріне орналастыратын 5-7 өлшеу нүктелерін пайдаланады. Микрофондардың дәл орналасуы жоспарда белгіленуі керек. Микрофонның орналасу мысалы 1-суретте көрсетілген. Микрофон өлшеулер кезінде жолаушылар үймаратында – еденнен 1,2 м қашықтықта, жұмысшы орындарда еденнен 1,6 м қашықтықта орналасады.

1-сурет



1-сурет – Микрофондардың орналасу орны

8.7 Микрофонда жылжымалы құрамның шанағымен қатты байланысы болмауы, ал оның басты осі төмен қаратылуы керек. Өлшейтін микрофон өлшеулер жүргізетін адамнан кемі 0,5 м-ге алшақ болуы керек.

8.8. Шуды өлшеудің әр циклінe дейін және кейін акустикалық калибратор (пистонфон) көмегімен өлшеу трактін калибрлеу жүргізілуі керек.

Өлшеулер циклінің соңында өлшеу трактінің бұзылғанын байқаған жағдайда алынған нәтижелер ескерілмейді, ал өлшеулердің барлық циклі қайта қайталанады.

8.9. Типтік сынауларды бастар алдында жылжымалы құрамның ішінде өлшеулер жүргізілетін нүктелерде өлшеулер бөгеуілдері – жиіліктер телімінде дыбыс қысымының деңгейлері мен дыбыс деңгейлері LA өлшенеді.

Бөгеуілдер деңгейі сандық өлшенуі және бақылаулар журналында сандық жазылу немесе өзі жазатын таспада сәйкес белгілеу жолымен тіркелуі керек.

Ескертпе – акустикалық өлшеулер кезінде белгі деңгейі (бөгеуілдермен бірге өлшенетін) бөгеуіл деңгейінен 10 дБ артық болуы керек.

Ерекше жағдайларда белгі мен бөгеуіл арасында кіші айырмашылық жағдайында өлшеулер жүргізу рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда өлшеулер нәтижелеріне 3-кестеге сәйкес түзету енгізу керек болады.

8.10 Әр нүктеде шу өлшеулер кемі үш рет қайталанады, ал содан кейін нәтижелері орташаландырады.

Егер қайталау өлшеулерінің айырмашылығы үш децибелден артықты құраса, өлшеулер саны онға дейін арттырылады, онда спектральды талдауда жиіліктердің әр телімінде дыбыс қысымының деңгейін өлшеулерге қатысты болады. Типтік сынаулар кезінде өлшеулер кінәратын кейіннен анықтау және сенімділік аралығы үшін кемі 10 өлшеулер жүргізу керек.

Жеке өлшеу уақытының ұзақтығы кемі 10 с болуы керек (көрсеткіштерді көзбен шолып есептегенде және деңгейді өзі жазушымен тіркеген жағдайда).

Ескертпе – Бір аппаратурамен салыстырмалы өлшеулерді жүргізген кезде бірдей құрал шкаласын пайдалануға, сондай-ақ өлшеулер кезінде тракт реттеу органдарының бірдей қалпын пайдалануға тырысу керек.

8.11 Дыбыс қысымының деңгейлерін өлшеу шу өлшегішпен оған қосылған таспалық сүзгілер жиынтығымен «сүзгі» қалпын қосып жүргізілуі керек.

8.12 Дыбыс деңгейін А өлшеу «А» сипаттамасын іске қосқан жағдайда шу өлшегішпен жүргізілуі керек.

8.13 Шуды өлшеген кезде шу өлшегішті «баяу» қалпына қосу керек, ал есептеу тілдің орташа қалпы бойынша (оның тербелгені жағдайда) алынады.

8.14 Шу сипаттамасын өзі жазатынмен тіркеген жағдайда оның жұмысының мынадай режимін ұстану керек: жазу жылдамдығы – жазу ені 50 мм жағдайда 100 мм/с (жазу ені 100 мм жағдайда жазу жылдамдығы екі есе арттырылуы керек), детекторлық режим – СКЗ, төменгі шекаралық жиіліктің орташа геометриялық мәндері – 20 Гц, қағаздың қозғалу

жылдамдығы 3 мм/с (дыбыс қысымының деңгейлерін жиіліктердің октавалық телімдерінде өлшеген жағдайда). Өлшеулер нәтижесі ретінде жазылған деңгейдің (оның тербелгені жағдайда) орташа мәні қабылданады.

8.15 Өлшеулердің әр циклінде дейін және кейін магниттік жазба жағдайында магниттік жеткізушіге акустикалық калибрлеушіден (пистонфон) калибрлеу белгісі жазылып алынады.

9 Өлшеулер нәтижелерін өңдеу

9.1 Микрофонның жеке әр орналасқан қалпында жылжымалы құрам жұмысының берілген белгіленген режим үшін жиіліктердің әр телімінде дыбыс қысымының деңгейлерін немесе А дыбысының деңгейін қайталау өлшеулерінің нәтижелері төменде берілген формулалар бойынша орташаландырады.

Дыбыс қысымының деңгейлерінің немесе қайталау өлшеулерінің А дыбыс деңгейлерінің орташа мәні 1 формула бойынша анықталады:

$$Z_{ср} = \frac{1}{n} * \sum_{i=1}^{n} Z_i \qquad (1)$$

мұнда Z_i - өлшенген деңгей, дБ;

n – орташаланатын деңгейлер саны.

Алынған деңгейлердің орташа мәндері децибелде жақын бүтін санға дейін дөңгелектенуі керек.

9.2 Орташа деңгейлерді есептеген кезде өлшенетін шамалардың жалпы сипатына сәйкеспейтін өлшеулер нәтижелері ескерілмейді.

9.3 Егер ішкі қандай да бір үймаратта өлшеулер бірнеше нүктелерде жүргізілген болса, онда бұл нәтижелер жоғарыда сипатталған тәсілмен орташаландырады және нәтижемен жылжымалы құрамның осы үймаратының жу сипаттамасы осы орташаланған деректер болып табылады.

9.4 Шу өлшеудің орташаланған нәтижелері өлшеу трактіне кіретін құралдардың әрбірін салыстырып тексеру туралы куәліктерде көрсетілген жүйелі кінәраттарды есепке алып түзетілуі керек.

9.5 Егер өлшеулер нәтижелерін шудың стандарттар немесе өзге нормативтік – техникалық құжаттамалар талаптарына сәйкестігін бағалау үшін пайдалану болжанса, онда дыбыс қысымының ширек октавтық деңгейлері 2 формула бойынша октавалық деңгейлерге берілуі керек:

$$Z_{ОКТ} = 10\lg(10^{0.1*Z_1} + 10^{0.1*Z_2} + 10^{0.1*Z_3}) \qquad (2)$$

мұнда Z_1, Z_2, Z_3 – орташа геометриялық жиіліктері жиіліктердің осы октавалық теліміне түсетін дыбыс қысымының ширек октавалы деңгейлері, дБ.

9.6 Қорытындылайтын аппаратуралық кінәрат өлшеулер мен өңдеу трактілеріне кіретін барлық құралдар кінәраттарының орташа квадраттық мәні ретінде анықталады.

10 Өлшеулер нәтижелерін рәсімдеу

10.1 Сынақ нәтижелері хаттамамен рәсімделеді, ол мынадай мәліметтерден тұрады:

- осы стандартқа және сынақ әдістемесін анықтайтын өзге материалдарға сілтеме;
- сынақтар түрі мен міндеттері;
- жылжымалы құрамның сынақ бірлігінің түрі, нөмірі, дайындаушы – завод, шығарылған жылы және жүрген жолы;
- пайдаланылған өлшеу құралдарының атаулары, түрлері, нөмірлері, дайындаушы – завод, сипаттамалары, сондай-ақ құралдарды салыстырып тексеру туралы куәліктердің және кінәраты туралы мәліметтердің күні мен нөмірлері;
- *жол телімінің сипаттамасы, оны орналасуы, геометрия, өсімдіктер, қоршаған орта температуралары, ылғалдық, атмосфералық қысым, жел жылдамдығы мен бағыты,*
- жылжымалы құрам және оның күшті және көмекші жабдықтар (өзі қозғалатын вагондар үшін) жұмысының режимі;
- поезда сыналатын вагон орны;
- метеорологиялық жағдайлар және рельстің сырғу бетінің жағдайы туралы мәліметтер (ылғал, құрғақ және т.б.);
- сынақ шарттарының егер болса, осы стандарт талаптарынан ауытқуы туралы мәліметтер;
- өлшеулер жүргізілуі туралы деректер (өлшеу нүктелерінің орналасуы мен саны, олардың еден деңгейінен биіктігі, қабырғаға дейінгі қашықтық, нүктелердің орналасу сызбасы, машинист кабинасында, жолаушылар салонында және өзге үймараттарда адамдардың саны);
- *өлшеу жабдығы және жақында калибрлеуден өткен микрофондар түрі;*
- *фондық дыбыс қысымының деңгейі;*
- *жылжымалы құрам және оның сериялық нөмірі, жылжымалы жүйе және оның сынақ кезіндегі жылдамдығы, осы жылжымалы құрам көлік құралдарының нақты түрінің өкілі болып табылатындығына растау;*
- *сынақтар жүргізу кезінде жұмыс шарттары;*
- *қосымша жабдық және оның жұмысшы шарттары;*
- *микрофондар орналасуы;*
- *реңктік немесе импульсті шкалалардың болуы;*
- *көлік құралының жүктелуі;*
- *метеорологиялық жағдайлар;*

- тұрақты жылжымалы құрам ішінде өлшенген сыртқы бөгеуілдер шуының сипаттамасы;

- барлық бастапқы өлшеулер нәтижелері мен кесте түрінде берілген орташаландыру және түзетулер енгізуді есептеу нәтижелері (қорытынды деректер);

- кестелік түрде стандарттар немесе өзге нормативтік – техникалық құжаттама талаптары (егер сынақтар шудың осы құжатқа сәйкестігін бағалау мақсатында жүргізілсе);

- өлшеулер кезінде анықталған шудың қандай да бір айрықша ерекшеліктері туралы мәліметтер (нақты естілетін таза реңк, импульстік сипат және т.б.);

- алынған нәтижелерді рұқсат етілетін мәндермен салыстыру нәтижелері (егер бұл сынақ мақсаты болып табылса);

- сынақ нәтижелері туралы қорытынды (баға, қорытынды, ұсыныстар және т.б.);

- сынақтар жүргізген ұйым атауы, орындаушылар лауазымы мен тегі;

- сынақтар жүргізілген күн және орны (темір жолының шақырымда оның басы мен аяғының телімі);

- *өзге пайдалы ақпарат.*

10.2 Хаттаманы рәсімдеу мысалы А анықтамалық қосымшада берілген.

А қосымшасы
(ақпараттық)

Вагонда дыбыс деңгейін бақылау сынау нәтижелері бойынша хаттаманы рәсімдеу мысалы

Сынақтар _____ жүргізілді
(орындаушы ұйым, жүргізілген күні)
Сынаққа _____ қатысты
(орындаушылар лауазымы мен тегі)
Сынақ түрі _____
Сынақ міндеті: - вагонның _____
_____ талаптарына сәйкестігін анықтау
(нормативтік құжат нөмірі)
Сынақ әдісі ҚР СТ - 2008 (ИСО) сәйкесті
_____үлгіге, вагон № _____,
дайындаушы завод: _____, шығарылған жылы
_____, сынақ басына жүргені: _____ км.
Сынақтар _____типті құралының көмегімен жүргізілді,
Құрал _____ 200_ ж. мемлекеттік салыстырып тексеруден өтті;
Салыстырып тексеру туралы куәлік_____,
Құрал кінәраты: _____ дБА.
Сынақтар темір жолдың _____телімінде жүргізілді.
Жол жағдайы_____,
(жақсы, нашар, балдығы (өзгер белгілі болса)
Сынаулар кезінде вагон _____ жүрді (поезда вагон орны).
Сынақтар _____ ауа райында, температурада, сыртқы ауа
(құрғақ, ылғал, жаңбырлы)
____ °С жағдайында жүргізілді.
Дыбыс деңгейін өлшеу мына _____ үймаратта жүргізілді.
Өлшеулер нүктелерінің орналасуы кестеде берілген.
Бақыланатын үймаратта тұрақта дыбыс деңгейлері ___дБА құрады.
Қозғалыста дыбыс деңгейін өлшеу қозғалыс жылдамдығы _____
км/сағ жағдайда жүргізілді.
Шекті рұқсат етілетін мәнмен алынған нәтижелерді салыстырған жағдайда нәтижелерге _____ кестесіне сәйкес түзету енгізілді.
Түзетулер енгізілгеннең кейін өлшеулер нәтижелері (қорытынды деректер) _____кестесінде берілген.
Алынған нәтижелерден _____үлгілі № _____ вагон _____
_____талаптарына сәйкесетіндігі (сәйкеспейтіні) көрінеді.
(нормативтік құжат)

Орындаушылар қолдары: _____
_____
_____

Б қосымшасы
(ұсынылатын)

Құралдардың техникалық сипаттамалары

Б-1-кестесі – Типтік және кезеңдік сынақтар жүргізу үшін ұсынылатын шу параметрлерін өлшеуге арналған құралдардың техникалық сипаттамалары

Тип	Микрофон	Жиілікті ауқым, Гц	Динамикалық ауқым, дБ	Жиілікті сипаттамалар	Уақытша сипаттамалар	Габариттік өлшемдер, мм	Салмақ, кг
1	2	3	4	5	6	7	8
РД 1 - 202	Конденсаторлық	20-12500	35-135 24-135 21-135 17-135	Лин, А В С Д	"жылдам" "баяу" "Импульс"	260x120x180	3
2209	Конденсаторлық 4145	2-70000	36-240 22-140 19-140 15-140 25-140	Лин С В А Д	"жылдам" "баяу" "Импульс"	325x120x90	2.7
	Конденсаторлық. 1/2 4133		60-150 46-150 40-150 36-140 46-150	Лин С В А Д			
00017	1 МК 102/ШО2	10-20000	35-140	Лин	"Импульс" "жылдам" "баяу"	194x340x119	4,5
	1/2 МК	30-40000	19-140	А			
	201/М201		30-140	С Д			
	1/4" МК	30-100000	15-140	Октавтық сүзгі, ширек октавты сүзгі			
	301/М201		12-140				
2204	Конденсаторлық I (Тип 4145)	2-70000	36-140 22-140 19-140 15-140 25-140	Лин С В А Д	"жылдам" "баяу" "Импульс"	325x120x90	2,7
2203	Конденсаторлық I"	10-18000	19-140 38-140 28-140 21-140	Лин С В А		901x120x310	2,7

Б-1-кестесінің соңы

			19-140 14-140 16-140	Октавты сүзгі, ширек октавты сүзгі			
	Конденсат орлық 1/2	10-25000	57-154 48-154 43-154 39-154	Лин С В А			
			36-154 33-154	Октавты сүзгі, ширек октавты сүзгі			
	1/2 "МК 201/М201	30-40000	19-140 30-140	С, Д			
	1/4" МК 301/М201	30-100000	15-140 12-140	Октавты сүзгі			

Б-2-кестесі Т анықтамалық қосымша кестесінде берілген құралдар болмаған жағдайда кезеңді сынаулар кезінде қолдануға ұсынылатын шу параметрлерін өлшеуге арналған құралдардың техникалық сипаттамалары

Тип	Микрофон	Жиілікті ауқым, Гц	Динамикалық ауқым, дБ	Жиілікті сипаттама	Уақытша сипаттамалар	Габариттік өлшемдер, мм	Салмақ, кг
ШМ-1	Конденсаторлық	31,5-8000	30-130	А, С	"жылдам" "баяу"		1,1
Ш-71		31,5-8000	30-140	А		520х100х1	2,5
2205	Конденсаторлық	31,5-8000	24-140	А,В,С	" жылдам "	186х84х51	0,8
ELT	Конденсаторлық	20-10000	32-140				
SM-5844C	Конденсаторлық	31,5-8000	35-130	А, В, С	"жылдам" " баяу "	80х65х270	1
2219	Конденсаторлық	5-12500	35-130	А	"жылдам" " баяу "	180х78х47	0,35
2213			50-190				
00014		31,5-8000	3-140	А Лин	"жылдам" "баяу" "Импульс"	105х85х270	1,5

ӘОЖ 621.833:006.354 **МСЖ 45.040**

Түйінді сөздер: тісті доңғалақтар дайындамалары, шыңдау, ыстық көлемді штамптау және илеу, техникалық талаптар, қабылдау, бақылау, таңбалау, тасымалдау, сақтау

Ескертулер үшін



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАГОНЫ ПАССАЖИРСКИЕ И РЕФРИЖЕРАТОРНЫЕ

Шумовые характеристики

Нормы и методы измерений

СТ РК 1762-2008

Издание официальное

**Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН ТОО «СтройИнжиниринг Астана»

2 ВНЕСЕН Комитетом транспорта и путей сообщения Министерства транспорта и коммуникаций Республики Казахстан

3 УТВЕРЖДЁН И ВВЕДЁН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 23 сентября 2008 г. № 488-од

4 Настоящий Стандарт является гармонизированным по отношению к международному стандарту ISO 3381: 2005 Railway applications — Acoustics — Measurement of noise inside railbound Vehicles (Железнодорожный транспорт - Акустика - Измерение шума внутри железнодорожного транспортного средства) в части *оформления результатов измерений, требований к условиям испытаний и к проведению измерений на измерительном участке.*

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2014 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПОВЕРКИ 5 лет

6 ВВЕДЁН ВПЕРВЫЕ

Настоящий Стандарт не может быть полностью или частично воспроизведён, тиражирован и распространён в качестве официального издания без разрешения Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Термины и определения	2
4	Характеристики и нормы шума	2
5	Виды шумометрических испытаний	4
6	Требования к средствам измерений	4
7	Требования к условиям испытаний	7
8	Проведение измерений	8
9	Обработка результатов измерений	10
10	Оформление результатов измерений	11
Приложение А *(рекомендуемое).* Форма протокола по результатам контрольных испытаний уровня звука в вагоне		14
Приложение Б *(рекомендуемое).* Технические характеристики приборов		15

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Система стандартов безопасности труда
Вагоны пассажирские и рефрижераторные
Шумовые характеристики
Нормы и методы измерений

Дата введения 2009.07.01

1 Область применения

Стандарт устанавливает методику измерения шума при типовых и периодических испытаниях, единые требования к условиям определения шумовых характеристик и допустимые уровни шума на рабочих местах, местах отдыха обслуживающего персонала и в салонах вагонов.

